

«Россия халқыменсалһы қылып,  
Шартнама қағаз жазып елші жүріп,  
Ортада саудахана қылып қойдық,  
«Қызылжар» атты қала біз  
салдырып.»  
Абылай хан. (Қытай боғдыханына  
жазылған хаттан үзінді)

### **Абылайхан атаған Қызылжарым.**

Жұмағым менің, тұрағым менің- Қызылжар!  
Қызылжарда қазақтың қалың елі бар.  
Көңілі дархан, шырайлы көркем жандары,  
Шұрайлы алқап, даласы байтақ жері бар.

Есілі ерке есіліп жатыр шайқалып.  
Көз тартады долана, мойыл жайқалып.  
Ну ормандар қарағайлы, қайыңды  
Көсіліп жатыр көк тұманға айналып...

Шалғы батпас шалғыны қандай десеңші!  
Балдай тәтті бүлдіргенін үзсемші!  
Қызыл жасыл гүлдерін теріп даламның,  
Бәріңе достар, гүлдесте жасап берсемші!

Көгілдір көлдер аққулар жүзген толқиды.  
Қыран құстар аспанды шарлап қалқиды.  
Төскейінде төрт түлік мал жайылып,  
Беткейінде еңбек үні шалқиды.

Қызылжарды ата-бабам жайлаған.  
Қыз ұзатып, келін алып тойлаған.  
Әншілер өткен аққу құспен үн қосып,  
Ақындары тереңен сөзді толғаған.

Ел қорғаған батырлары болыпты.  
Жауды түріп елден әрі қуыпты.  
Балта Керей Тұрсынбайдай бабамыз  
Жоңғарларды қарсы келген қырыпты.

Азаттыққа қолы жетті қазақтың.  
Куәсі еді теңсіздік пен тозақтың.  
Ширек ғасыр Егемендік алғалы,  
Жарқырайды ашық аспан, алтын күн!

Аман болсын, гүл жазира сай салаң!  
Қызылжарым – атажұртым, кең далам!  
Бабалардың баға жетпес мұрасы  
Саудаланып сатылмасын - Жер-анам!!!

Жер ананың киесі бар, иесі.  
Сөзімнің бар түйіні мен жүйесі.  
"Етпе -деген- аманатқа қиянат!"  
Қазақ жері - ұрпақтардың үлесі!

Елім менің, жерім менің Қызылжар!  
Өзіңе арнар жүрекжарды жырым бар.  
Арманыма қанат жалғап ұшырған,  
Өскен ұям- анамсың сен, Қызылжар!